# 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 344, 345, 346, 347, 348-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
344-қосымша

Ескерту. 344-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.24. N 574 қаулысымен .

501 - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2004 жылға арналған "Сот жүйесі органдарының қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 7792503 мың теңге (жеті миллиард жеті жүз тоқсан екі миллион бес жүз үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-30-баптары; "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабы ; "Қазақстан

Республикасының кейбір заң актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы " 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы .
< * >

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Сот-құқық реформасының қарқынын жеделдету, соттардың дербестігін, судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігін нығайту, өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру жөнінде қойылған біліктілік талаптарына сәйкес, білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік қызмет саласында теориялық және практикалық білімді, іскерлік пен кәсіби дағдыны шыңдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 1. Сот жүйесі органдарына жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Сот жүйесі органдарының қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілер. дің білік. | Біліктілікті арттыру жөнінде бекітілген жоспарға | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тілігін арттыру | сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру, оның ішінде мемлекеттік тілге оқыту жөніндегі қызметтерді сатып алу. Біліктілікті көтеру курсынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің жыл ішіндегі орташа саны - 190. | | Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер |
| 3 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттары мен үй-жайларын күрделі жөндеу | Барлық облыстардағы жергілікті соттардың 50 ғимараты мен үй-жайына күрделі жөндеу жүргізу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 61 дана көбейту аппаратын сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 010 | Астана қаласында жаңа әкімшілігі орталығына көшу | Жоғарғы Соттың сол жақ жағалаудағы жаңа ғимаратын ұстау | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты |
| 6 | 100 | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметін қамтамасыз ету | саны 48 бірлік Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттарын және 164 бірлік мөлшерінде бекітілген штат саны шегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратын, норматив бойынша тиісті 21 бірлік автокөлік, 195 бірлік компьютер, 195 бірлік лазерлі принтер, 5 бірлік сервер, 4 бірлік сканер, 1 бірлік бейнепроектор, 10 бірлік - көшіру аппаратын ұстау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты |
| 7 | 101 | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің аппараты | 64 бірлік мөлшерінде бекітілген штат саны шегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет аппаратын ұстау, норматив бойынша 5 бірлік автокөлік және Әділет біліктілік | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алқасының қызметін қамтамасыз ету, 64 бірлік компьютер, 64 бірлік лазерлі принтер, 3 бірлік көшіру аппараты, 2 бірлік сканер, 3 бірлік факс, 1 бірлік ризограф ұстау. | | |
| 8 | 102 | Облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы әкімшілер | 2045 бірлік мөлшерінде бекітілген штат саны шегінде облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы Әкімшілердің аппараттарын, норматив бойынша тиісті 16 бірлік автокөлік, 1700 бірлік компьютер, 1700 бірлік лазерлі принтер, 32 бірлік көшіру аппараты, 16 бірлік сканер, 322 дана факс ұстау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер |
| 9 | 103 | Жергілікті соттар | 8134 бірлік мөлшерінде бекітілген штат саны шегінде жергілікті соттарды, норматив бойынша тиісті 628 бірлік автокөлік, 6967 бірлік компьютер, 6901 бірлік лазерлі принтер, 254 бірлік көшіру аппараты, | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер |

324 бірлік сканер, 612 бірлік факс, 15 бірлік ризограф ұстау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сот жүйесі органдарына жүктелген функциялардың сапалы әрі уақытында орындалуы, қазіргі таңдағы экономикалық жағдайларға орай кәсіптік мемлекеттік қызметке қойылар талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
345-қосымша

Ескерту. 345-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.20. N 197о қаулысымен .

501 - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 82958 мың теңге (сексен екі миллион тоғыз жүз елу сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 25-бабының 4-тармағы, 56-бабы ; "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" N 412 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің" 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысына толықтырулар мен

өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Сот билігінің дербестігі мен судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға, олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін дамыту және соттар мен сот жүйесі органдарын жүйеде жұмыс істеуге арналған есептеу техникаларымен қамтамасыз ету, оларды бағдарламалармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтан. дырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру | 6 дана сканер, белсенді желілік жабдықтар сатып алу. Жергілікті компьютер желі. лерін орнату. Сот жүйесі органдары үшін 1 комплект лицензиялық бағдарламалар сатып алу, бағдар. ламалық өнімдерді орнату. 1 дана желіаралық экран аппаратын (firemall) 1 дана сатып алу. 5 маманды оқыту. Серверлер - 4 дана планшеттік сканер | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты |

- 8 дана, үздіксіз қоректендіру көзі APC Black Smart-UPS 1500 VA - 4 дана, үздіксіз қоректендіру көзі APC Black Smart-UPS 1000 VA - 2 дана сатып алу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Бөлінген бюджет қаражаттары сот жүйесі органдарын компьютерлендіру үшін база құруға мүмкіндік береді, мұның өзі істердің уақытында және сапалы қаралуына жәрдемдеседі. Сот жүйесі органдарын компьютерлендіру соттар мен сот жүйесі органдарының ақпараттар және жаңа технологияларды жинау, өңдеу және ұсыну жөніндегі сұраныстарын қанағаттандыру үшін қолайлы жағдай туғызуға қызмет етуге тиіс. Мұның өзі сот билігінің дербестігі мен судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға, олардың қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 346-қосымша

Ескерту. 346-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.25. N 197щ қаулысымен .

501 - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Судьялар мен сот жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін дайындау мен арттыру "**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 51142 мың теңге (елу бір миллион бір жүз қырық екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығы

; "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1567 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот академиясы" мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1008 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қаңтардағы N 91 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 1274 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіптік біліктік деңгейін арттыру, судьялыққа кандидат магистранттарды даярлау, өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік біліктіліктерін жетілдіру үшін қойылып отырған біліктілік талаптарына сәйкес қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, білгірлік пен машықты жетілдіру. <*>

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Сот академиясының қызметін қамтамасыз ету, судьялыққа кандидат магистранттарды даярлау, судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Судьялар мен сот жүйесін. дегі қызмет. керлердің | Қазақстан Республи. касы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот академиясын 26 | жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Жоғарғы Соты, |

біліктілігін бірлік штат саны Қазақстан
дайындау бекітілген лимит Республикасы
мен арттыру шегінде ұстау. Жоғарғы Соты.
Мемлекеттік сти- ның жанындағы
пендия төлеуді қоса Сот
алғанда, саны 45 академиясы.
бірлік судьялыққа
кандидат магистрант-
тарды даярлау.
1 бірлік кіші АТС,
2 бірлік көшіру
аппаратын, 2
бірлік бейнепроек.
тор, 10 дана
компьютер, 2 дана
телевизор, оқу
сыныптарына арнал.
ған 4 жиһаз жиын
тығын және кітап.
ханаларға арналған
2 жиһаз жиынтығын.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін арттыру. Қазақстанда судьялар құрылымының қалыптасуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
347-қосымша

501 - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету"**
**деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 130000 мың теңге (бір жүз отыз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 25-бабы ; " Мемлекеттік сатып алулар туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының судьяларды республикалық бюджет қаражатының есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігін орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету | Жергілікті соттар. дың судьялары үшін 140 бірлік мөлшерінде тұрғын үй сатып алу | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты. ның жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалала. рындағы әкімшілер |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Шаралар судьяларға сот төрелігін сапалы, тәуелсіз әрі толық атқару үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
348-қосымша

501 - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес"**
**деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 261 мың теңге (екі жүз алпыс бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Ел Президентінің 10 қазан 1997 жылғы Қазақстан халқына жолдаған "Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы" атты Жолдауы ; "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-әрекет шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің одан әрі тарауына қарсы мемлекеттік және қоғамдық ықпал етудің тиімді жүйесінің негізгі буындарын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы әсер ететін тетіктерді нығайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 104 | Нашақорлықпен есірткі бизнесіне қарсы күрес | Нашақорлық мәселелері бойынша арнайы, шетелдік және басқа әдебиеттерді сатып алу жөніндегі шығыстар. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Есірткілердің заңсыз айналымына байланысты істер бойынша сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК